



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ


**АКАДЕМИЯЛЫҚ САПА
БОЙЫНША
КЕҢЕС ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

ҚР МСМ МК «Қазақ ұлттық
өнер университеті» РММ



МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	2
2	Кеңестің негізгі мақсаттары мен міндеттері	2
3	Кеңестің қызметін ұйымдастыру	3
4	Қорытынды ережелер	4



 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	РГУ «КазНУИ» КК МКС РК	1 нұсқасы: 29.10.2021
	АКАДЕМИЯЛЫҚ САПА БОЙЫНША КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	2 бет

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Академиялық сапа бойынша Кеңес туралы осы Ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет Комитетінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Университет) Академиялық сапа бойынша Кеңесінің негізгі міндеттерін, қызметтерін, құрылу тәртібін және өкілеттігін анықтайды.

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленген:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV «Ғылым туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» Заңына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына;
- 2015 ж. 14-15 мамырда Ереванда министрлер Конференциясында мақұлданған Еуропалық жоғары білім кеңістігіндегі жоғары білім сапасын қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулықтарына.

1.3 Академиялық сапа бойынша Кеңес (бұдан әрі – Кеңес) – Университеттің алқалы басқару органдарының бірі, ол Университетте білім беру бағдарламаларының мазмұны және іске асыру шарттары, бағалау саясаты және басқа академиялық мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

2 КЕҢЕСТІҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 Кеңестің қызметінің мақсаттары:

- Білім беру қызметінің сапасын арттыруға қол жеткізу үшін Университеттегі сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін қадағалауды қамтамасыз ету;
- Университетте білім беру бағдарламаларының мазмұны және іске асыру шарттары бойынша шешім қабылдау;
- Білім беру бағдарламаларына ұдайы мониторингті және кезеңді бағалауды өткізу.

2.2 Кеңестің негізгі міндеттері:

- Университетте білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесін құру бойынша іс-шараларды жоспарлау және іске асыру;
- Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ететін ішкі нормативтік құжаттарды бекітуге ұсыну;

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	РГУ «КазНУИ» КК МКС РК	1 нұсқасы: 29.10.2021
	АКАДЕМИЯЛЫҚ САПА БОЙЫНША КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	3 бет

- Университеттегі бағалау саясатын әзірлеу;
- Оқытушылардың біліктілігін бағалау тәсілдері мен өлшемшарттарын ұсыну;
- Түлектердің білім деңгейін бағалау, көрсеткіштері мен өлшемшарттарын әзірлеу;
- Білім процесінің сапасын арттыруға қажетті түзету шараларының тәсілдерін әзірлеу;
- Білім алуға акадмиялық этика бұзылыстарының алдын алуға бағытталған шараларды әзірлеу;
- Кеңестің құзіретіне кіретін мәселелер бойынша Университеттің басшылығы үшін ұсыныстарды әзірлеу.

3 КЕҢЕСТІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

3.1 Кеңестің құрамына проректорлар, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының, студенттік ұйымдарының өкілдері және жұмыс берушілер кіреді.

3.2 Кеңестің төрағасы ретінде Университеттің оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректоры тағайындалады. Төраға болмаған кезде оның міндеттерін орынбасары орындайды.

3.3 Кеңестің төрағасының орынбасары ретінде Сапа менеджменті жүйесі және стратегиялық жоспарлау бөлімінің басшысы (бұдан әрі - Бөлім) тағайындалады.

3.4. Кеңестің мүшелері – проректорлар, Бөлімнің өкілдері, әр факультетте және «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер және Арт-менеджмент» кафедрасында ұйымдастырылатын сапаны қамтамасыз ету бойынша Комиссияның мүшелері болады.

3.5 Кеңестің хатшысы болып Кеңестің құрамына кіретін Бөлімнің өкілі сайланады. Хатшы Кеңестің іс қағаздарын жүргізуге жауапты.


3.6 Кеңестің құрамын Университет ректоры бір оқу жылдық мерзімге бекітеді.

3.7 Кеңестің төрағасы Қазақстан Республикасы заңнамасына және осы Ережеге сәйкес Кеңестің жұмысын және қызметін ұйымдастырады.

3.8 Кеңес өзінің жұмысын әрбір оқу жылына құрылатын және бекітілетін жұмыс жоспары негізінде ұйымдастырады.

3.9 Кеңестің жиналыстары тиісті оқу жылына бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес екі айда бір рет өткізіледі.

3.10 Кеңестің мүшелерінің жалпы санының, кемінде, жартысы қатысқан болса, Кеңестің жиналыстары құқықты саналады.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ	РГУ «КазНУИ» КК МКС РК	1 нұсқасы: 29.10.2021
	АКАДЕМИЯЛЫҚ САПА БОЙЫНША КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	4 бет

3.11 Қабылданған шешім бойынша ашық дауыс беру өткізіледі. Жиналысқа қатысқан Кеңестің мүшелерінің көпшілігі жақтап дауыс берген болса, Кеңестің шешімдері қабылданған болып саналады. Дауыстар саны тең түскен жағдайда Комиссия төрағасының даусы шешуші саналады.

3.12 Кеңестің жиналыстары хаттамамен рәсімделеді, оған Кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды.

5 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Осы Ереже бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңаға алмастырғанға дейін әрекет етеді.

5.2 Ережеге өзгертулер мен толықтыруларды Университеттің бөлімшелерінің ұсынулары бойынша Ғылыми кеңес енгізеді.